

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Музыка

№	ҰОҚ-нің өтпелі тақырыбы	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1-2	«Мен кімін және қандаймын?»	«Білімің-бұлағың »	музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу.	2	
3-4		«Нота үйренейік»	Балаларға музыка жайында мағлұмат беру. Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау.	2	
5-6		«Көңілді ырғақтар»	Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту.	2	
7-8		«Біздің аспаптар »	Ән, музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуге, күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету.	2	
9-10	«Мектепке не үшін барамыз?»	«Күзгі серуен»	Әнді бір қалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру.	2	
11-12		«Күзгі жапырақтар»	Әннің сипатын түсініп, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету. Дикцияның тазалығына әнді анық айтуға дағдыландыру.	2	
13-14		«Жомарт күз»	Күй тыңдау арқылы ой-сезіміне әсер етіп, эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру. Күй туралы, күйші Тәттімбет туралы мәлімет беру, түсіндіру. Ұлттық би элементтерін үйретуді жалғастыру.	2	
15-16		«Жомарт өлкем»	музыканы тыңдау, сезіну, сипатын ажырату, динамикасын білу. Туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін дамыту.	2	
17-18	«Менің айналымда кімдер бар?»	«Сабантойды тойлаймыз»	Таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісінен тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабілетін дамытуға баулу. Сабантой мерекесі туралы түсінік беріп, мерекелік көңіл күй сыйлау.	2	
19-20		«Бауырсақ» ертегісі	Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауды үйрету.	2	
21-22		«Сүйікті қалам Алматы»	Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білу дағдыландыру. Мерекелік көңіл- күй сыйлай білуге үйрету	2	
23-24		«Гүлдене бер, Астана»	Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата біл музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезіну. Ән, көңілді, ынталы орындауға төселдіру.	2	
25-26	«Менің айналымды не қоршап тұр?»	«Біздің рәміздер»	Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.	2	

27-28		«Егеменді елім» (ертеңгілік)	Музыкадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатынқимылмен бере білуге үйрету.	2	
29-30		«Қысқы әуен сынғырлайды»	Музыкаға қызығушылығын арттыру, музыка шығармашылығыныңсипатын Сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту.	2	
31-32		«Қыс қызығы»	Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылығын арттыру.	2	
33-34	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	«Қысқы орманда»	Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.	2	
35-36		«Орманда серуендейміз»	Әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулау.	2	
37-38		«Айнала ақша қар»	Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін гiмiи, ажырату.Әннің ырғағын сақтау.	2	
39-40		«Аңдардың айтысы»	Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету.	2	
41-42	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	«Бесік жыры»	Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету.	2	
43-44		«Ана – өмір шырағы»	Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Өртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.	2	
45-46		«Ақ әжем»	Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мәнерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін би қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.	2	
47-48		«Менің туыстарым»	Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.	2	
49-50	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	«Наурыз – жыл басы»	Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу.	2	
51-52		«Көктем әндері»	Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу	2	

53-54		«Ғарыш әлеміне саяхат»	Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Өнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру.	2	
55-56		«Домбыра сазы»	Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Өн айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру.	2	
57-58	«Денсаулықты күту не үшін керек?»	«Құстар – біздің досымыз»	Вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру. Күйші-композитор Н. Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.	2	
59-60		«Ел қорғауға әзірміз»	Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырта білуге дағдыландыру. Өнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.	2	
61-62		«Өн салып, би билейміз»	Музыкалық шығармалар сипатын анықтауды жалғастыру, дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту. Өнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу.	2	
63-64		«Біз мектепке барамыз»	Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Өннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту.	2	
65-66		«Музыка әлеміне саяхат»	Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру.	2	